

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1120 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 маусымдағы N 549 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1120 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 41, 532-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы ережеде:

10 - тармақта:

1) тармақшада:

мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының заңнамасын өз қызметі саласында қолдану практикасын талдау мен қорытуды және оны жетілдіру, Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде тиісті ұсыныстар енгізуді;" ;

сегізінші абзацта:

"жылжитын мүлік кепілдігін" деген сөздерден кейін "есепке алуды және" деген сөздермен толықтырылсын;

"Қазақстан Республикасының азаматтарын құжаттандыруды" деген сөздерден кейін ", олардың жеке куәліктері мен төлқұжаттарын дайындауды және беруді" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"азаматтар мен заңды тұлғалардың Әділет министрлігінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша өтініштерін қабылдауды, қарауды және өтініш берушілерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде қабылданған шешімдер туралы хабарлауды;

стратегиялар мен бағдарламаларды іске асыруды қамтамасыз етуді; өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарға ғылыми-әдістемелік және құқықтық көмек көрсетуді." ;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Халыққа құқықтық көмек және заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру комитеті туралы ережеде:

10 - тармақта:

1 ) та р м а қ ш а д а :

алтыншы абзацта "жеке нотариустар лицензияларының" деген сөздер "нотариустық қызметпен айналысу құқығына берілетін лицензиялардың" деген сөздермен ауыстырылсын ;

жетінші абзацта "адвокаттар лицензияларының" деген сөздер "адвокаттық қызметпен айналысу құқығына берілетін лицензиялардың" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"стратегиялар мен бағдарламаларды іске асыруды қамтамасыз етуді; өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарға ғылыми-әдістемелік және құқықтық көмек көрсетуді ;

оған басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдар берген мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ олар құпияландырған мәліметтерді қорғауды қамтамасыз етуді ;

азаматтар мен заңды тұлғалардың Әділет министрлігінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша өтініштерін қабылдауды, қарауды және өтініш берушілерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде қабылданған шешімдер туралы хабарлауды;" ;

2) тармақшаның бірінші абзацында "және қадағалау" деген сөздер алынып тасталсын ;

11-тармақтың 7) тармақшасында "жеке нотариустардың және адвокаттардың лицензияларын" деген сөздер "нотариустық (адвокаттық) қызметпен айналысу құқығына берілген лицензияларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті туралы ережеде:

10 - т а р м а қ т а :

1 ) та р м а қ ш а :

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"сотталғандарға қатысты сот үкімдерін, қаулыларын және ұйғарымдарын орындауды ; " ;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"сотталғандарға түзету ықпалын, оның ішінде психологиялық-педагогикалық әдістерді қолдана отырып жүзеге асыруды ұйымдастыруды;

қылмыстық жазасын өтеген адамдардың әлеуметтік бейімделуі мен оңалуын ұйымдастыруды және жүзеге асыруды;

қоғамдық және діни бірлестіктерді қылмыстық-атқару жүйесінің қызметіне тартуды ;

басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдар қылмыстық-атқару жүйесі органдарына ( мекемелеріне) берген мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ олар

құпияландырған мәліметтерді қорғауды қамтамасыз етуді;

Қазақстан Республикасының заңнамасын қылмыстық-атқару қызметі саласында қолдану практикасын талдау мен қорытуды және оны жетілдіру, Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде тиісті ұсыныстар енгізуді;

азаматтар мен заңды тұлғалардың Комитеттің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша өтініштерін қабылдауды, қарауды және өтініш берушілерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде қабылданған шешімдер туралы хабарлауды;";

2 ) т а р м а қ ш а д а :

жетінші абзацта "түзету мекемелерінде" деген сөздер "қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші абзацта "сотталғандардың" деген сөздер "қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті туралы ережеде:

1-тармақтың бірінші және екінші абзацтарында:

"жылжымайтын мүлік кепілін" деген сөздерден кейін "есепке алу және" деген сөздермен толықтырылсын;

"азаматтарды құжаттандыру" деген сөздер "азаматтарға жеке куәліктер мен төлқұжаттарды құжаттамалау, дайындау және беру" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 0 - т а р м а қ т а :

1 ) т а р м а қ ш а д а :

е к і н ш і а б з а ц т а :

"жылжымалы мүлік кепілін" деген сөздерден кейін "есепке алу және" деген сөздермен толықтырылсын;

"азаматтарды құжаттандыру" деген сөздер "азаматтарға жеке куәліктер мен төлқұжаттарды құжаттамалау, дайындау және беру" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацта "азаматтарды тіркеу және құжаттандыру" деген сөздер "азаматтарға жеке куәліктер мен төлқұжаттарды құжаттамалау, дайындау және беру, азаматтарды есепке алу және тіркеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"жеке тұлғаларға меншік құқығында тиесілі және кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын олардың салық салу объектілерін бағалау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды;

стратегиялар мен бағдарламаларды іске асыруды қамтамасыз етуді; өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарға ғылыми-әдістемелік және құқықтық көмек көрсетуді;

оған басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдар берген мемлекеттік құпияларды

құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ олар құпияландырған мәліметтерді қорғауды қамтамасыз етуді;

азаматтар мен заңды тұлғалардың Әділет министрлігінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша өтініштерін қабылдауды, қарауды, және өтініш берушілерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде қабылданған шешімдер туралы хабарлауды;"

2) тармақшаның екінші абзацында:

"жылжымайтын мүлік кепілін" деген сөздер кейін "есепке алу және" деген сөздермен толықтырылсын;

"азаматтарды құжаттандыру" деген сөздер "азаматтарға жеке куәліктер мен төлқұжаттарды құжаттамалау, дайындау және беру" деген сөздермен толықтырылсын;

5) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті туралы ережеде:

10-тармақтың 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдар Комитетке берген мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ олар құпияландырған мәліметтерді қорғауды қамтамасыз етуді;

Қазақстан Республикасының заңнамасын зияткерлік меншік саласында қолдану практикасын талдау мен қорытуды және оны жетілдіру, Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде тиісті ұсынғыстар енгізуді;

азаматтар мен заңды тұлғалардың Комитеттің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша өтініштерін қабылдауды, қарауды және өтініш берушілерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде қабылданған шешімдер туралы хабарлауды;

стратегиялар мен бағдарламаларды іске асыруды қамтамасыз етуді;"

11-тармақ 10) тармақшадағы "құқығы бар" деген сөздердің алдынан ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) жеке және заңды тұлғаларды Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік саласындағы заңнамасын сақтау мәніне тексеруді жүзеге асыруға".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*